ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 қаңтар №5265-24-00-2/4478 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» ММ-сі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «ТЕХНО KZ» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Бондарева Надежда Сергеевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ТЕХНО KZ» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Бондарева Надежда Сергеевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ТЕХНО KZ» дара кәсіпкері атынан әрекет етуші Бондарева Надежда Сергеевнадан мемлекеттің пайдасына 14 820 (он төрт мың сегіз жүз жиырма) тұрақсыздықты, мемлекеттік баж салығы 2 290 (екі мың екі жүз тоқсан) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 28.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.03.2025, судья Конысбаева Д. М., 11.03.2025
5265-24-3-1/4832

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаев**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2025, судья Конысбаева Д. М., 11.03.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-24-3-1/4832